

О.Т. Аринова¹, М.М. Манасова^{2*}, Ч. Самбуу³

^{1,2}Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан;
³Моңғолия Республикасының Отбасы, еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі, Моңғолия
(E-mail: arinova.kargu@gmail.com, miramanassova@mail.ru, chuluunsetseg_67@yahoo.com)

Қазіргі бұқаралық мәдениеттегі әсер ету құбылыстары: рухани тәжірибелер және эзотерика

Мақалада бұқаралық мәдениеттің күрделі әрі көпқырлы феномені оның кроссмәдени көріністері тұрғысынан қарастырылған. Заманауи модернизацияланған қоғамдарда кеңінен таралған мәдени формалардың бірі ретінде эзотеризмді пәнаралық және ғылыми-сыни тұрғыдан зерттеуге басымдық берілген. Авторлардың зерттеу өзегі ақпараттық-коммуникативтік жүйелердің цифрлық әлемінде және модернизацияның өзге де мәдениет қалыптастырушы жетістіктері жағдайында бұқаралық мәдениеттің аксиологиясының философиялық-антропологиялық негіздерін талдауға бағытталған. Ақпараттық ғаламдану жағдайында мәдениеттердің көпөлшемді диалогымен байланысты жаһандық метамәдениеттің қалыптасу үдерісі аясында эзотеризмнің әдіснамалық дискурсы сарапталған. Қазіргі мәдени-тарихи дамудың жаңа жаһандық әлемдік тәртіптің орнығуымен астасып жатқаны және оның адамзаттың болашақтағы өмір сүру мүмкіндігін айқындайтыны жөнінде жинақтаушы қорытынды жасалған. Сонымен бірге, жаһандану мәдени көптүрліліктің бірлігін қамтамасыз ететін әрі адамзатты мәдениет қалыптастырушы субъект ретінде шынайы интеграциялаудың оңтайландырушы тетігіне айналуы тиіс екендігі атап өтіледі.

Кілт сөздер: бұқаралық мәдениет, жаһандану, эзотеризм, феномен, метамәдениет, кроссмәдениет, философия, дискурс.

Kipicne

Авторлардың бұқаралық мәдениеттің ықпалы мәселелеріне жүгінуі бірқатар себептерге негізделеді. Олардың қатарында — қазіргі әлемнің мәдени әмбебаптануы, түрлі мәдениеттердің өзара әрекеттестігі мен ықпалдастығының күшеюі, жаһандық ақпараттық-коммуникативтік кеңістіктің қалыптасуы, сондай-ақ кроссмәдени байланыстардың іргетасы ретінде жалпыадамзаттық мәдени құндылықтар мен нормалардың таралуы бар. Бұл мәселелер Қазақстан мен Моңғолиядағы қазіргі қоғамдардың әлеуметтік шындығымен, мультимәдени социумдардың сын-қатерлері мен қауіптерімен өзара байланысты. Әлбетте, жаһандану өзінің шеткі көрінісінде бүкіл адамзаттың әлеуетті тасымалдаушысы болып табылатын ғаламдық метамәдениеттің орнығуымен қатар жүретін дүниежүзілік әлеуметтік-мәдени интеграция үдерісі ретінде сипатталады. Сондықтан да оның феноменалды көріністері мәдениетте айқын байқалады. Осы себепті бұқаралық мәдениетті жаһандану феномені ретінде, оның ықпалын, мүмкіндіктерін, болашағын, сондай-ақ оң және теріс қырларын зерттеу — заманауи философиядағы мәдениеттанулық ізденістердің өзекті бағыты болып табылады. Мұндай зерттеулер мәдени универсализацияның айрықша белгілері мен үрдістерін анықтауға мүмкіндік береді.

Мақала авторларының пайымдауынша, бұқаралық мәдениет модернизацияланған қоғамдардың мәдени болмысының барша қырын толық қамтымағанымен, ол мәдениеттің маңызды әрі барған сайын ықпалын күшейтіп отырған сегменті. Бұл «сегментті» кроссмәдени өзара ықпалдастық тұрғысынан салыстырмалы зерттеу қажеттілігі туындайды. Мұндай зерттеулердің нысанына құндылықтық бағдарлар (олардың мүмкіндіктері, шектеулері, даму логикасы), діни сенімнің кәсіби қызметке қатынаспен өзара байланысы (әлемдік және жергілікті конфессияларда), этноконфессияаралық қарым-қатынас, ұрпақтық өмірлік стратегиялар, сондай-ақ бұқаралық мәдениеттің өзіндік бірегей феномендері кіреді. Осындай феномендердің бірі — эзотерикалық ізденістер мен әуестенулер (соның ішінде эзотерикалық ілімдерге тән рухани тәжірибелер). Сондықтан қайтадан кеңінен таралып келе жатқан эзотеризм феномені бұқаралық мәдениет шеңберінде заманауи мәдениет философиясының зерттеу объектісіне айналуы заңды құбылыс.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: miramanassova@mail.ru

Ж. Бодрийяр өзінің «бұқаралық тұтыну қоғамына» қатысты ойларында тұтыну феноменін қазіргі заманғы магияның (яғни эзотериканың) ықпалымен бағытталатын тізбекті психологиялық реакция ретінде қарастырған. Оның пайымдауынша, тұтыну қоғамында шынайы мәдениет жоғалып, барлығы элеуметтік статус белгісіне айналады: «Бұл — бас айналу дан да, тарихтан да айырылған, өзінен өзге мифі жоқ, тойынған қоғамның профилактикалық ақтығы» [1].

Қазіргі қоғамдағы бұқаралық мәдениет феномені стандартталған үлгілер мәдениетін білдіреді. Ол жаппай өндірілетін және тұтынуға ұсынылатын біріздендірілген мәдени игіліктерге негізделіп, «орташа» тұтынушыға бағдарланады, соған сәйкес құндылықтық бағдарлар мен дүниетанымдық модельдерді қалыптастырады. Осы орайда Д. Берестовскаяның анықтамасы орынды саналады. Ғалымның пікірінше, «бұқаралық мәдениет — бұл мәдениеттің бір түрі, ол өз тарапынан таратылатын (көбіне бұқаралық ақпарат құралдары арқылы) құндылықтарды бұқаралық тұтынушының «орташа» даму деңгейіне бейімдейді» [2]. Осылайша, бұқаралық мәдениеттің өнімдері ең алдымен көпшіліктің сұранысына жауап беретінін ескеру қажет. Олар дәстүрлі және дәстүрлі емес рухани практикаларды (жаңа әлем тәртібін танудың тәсілі ретінде), сондай-ақ әртүрлі эзотерикалық ізденістерді (бейімделудің жолы ретінде) ұсынады. Бұл — француз ағартушылығының көрнекті өкілдері ескерткен иллюзорлы әлемнің өзі. Олар «діншілдік» деп аталған, әртүрлі діни-мистикалық және эзотерикалық дәстүрлердің пердесінің ар жағында жасырылған белгілі бір «бастапқы іргетастың» болуын көздейтін модельге сыни көзқарас танытқан еді. Осыған байланысты қазіргі ресейлік зерттеуші Е. Шапинскаяның пікірі орынды: ол ХХІ ғасырда «жалпы алғанда, бұқаралық мәдениет — заманауи технологиялармен де, элеуметтік процестермен де тығыз байланыстағы күрделі жүйе... бұқаралық мәдениеттің мәні — ол көпшілік үшін жасалады, бірақ көпшілік тарапынан жасалмайды» деп атап көрсетеді [3]. Мәселенің тарихи қалыптасуына байланысты эзотеризм бүгінгі күнге дейін көптеген зерттеушілер тарапынан діншілдік аясында қарастырылып келеді. Мақала авторларының пікірінше, бірнеше онжылдықтар бойы орын алған діншілдік құбылысы батыс пен шығыстың эзотеризмін массаланған мәдениет контекстінде зерттеу әдіснамасына арналған әлемдік философиялық-мәдениеттанулық дискуссияда белгілі бір оң рөл атқарды. Өйткені қазіргі бұқаралық мәдениеттің негізінде ғылыми-техникалық модернизация, яғни технологиялардың дамуы жатыр. Дәл осы даму мәдени өнімдер мен үлгілерді жаппай өндіруге және кеңінен таратуға мүмкіндік берді. Уақыт өте келе діншілдікке еуропалық эзотеризмді зерттеу мектебі тарапынан елеулі сын айтылды. Мәселен, нидерландтық профессор В. Ханegraaf діншілдік моделіне қатысты еңбектерінде сыни көзқарасын білдіріп: «Ең бастысы — әрі барынша айқын нәрсе — бұл модель әмбебап сипаттағы жасырын эзотерикалық өлшемнің шынайы өмірде бар екендігіне сенімге сүйенеді. Алайда ғылыми әдіснама өзінің табиғаты бойынша «эзотерикалық» болып табылады және кез келген бақылаушыға оның жеке сенімдеріне тәуелсіз түрде эмпирикалық қолжетімді құбылыстарды ғана зерттейді» деп атап көрсетеді [4]. Мақала авторлары эзотериканың ықпалының артуына әсер еткен факторлардың қатарында біздің елдердегі ақпараттық кеңістікте осындай мазмұндағы материалдардың белсенді жариялануын атап өтеді. Бұл, сөзсіз, қоғамдық сананы қалыптастыруда айтарлықтай ықпал етіп, қоғамның шынайылыққа қатысты ерекше рефлексиялық формаларын туындатады. Мұндай жағдай ғылым мен діннің арақатынасы жөнінде ойлануға мәжбүрлейді. Қазіргі заманда — цифрлық технологиялар дәуірінде біз ерекше синтез нысанын байқаймыз: әлемге және адамға қатысты ғылыми білімдер заттардың табиғаттан тыс тәртібіне деген сеніммен қатар өмір сүруде. Осы қосарлы дүниетанымдық қабылдаудың айқын мысалы ретінде бүгінде эзотериканы атауға болады. Секуляризациялық үдерістердің нәтижелеріне байланысты түрлі бағалау пікірлері бар, алайда олардың ықпалымен қоғамдық сананың өзгерістерге ұшырап отырғанына күмән жоқ. Шын мәнінде, дін қоғамдық өмірдің шеткері аймағына ығыстырылды. Бұл ғылымның дамуына жол ашты, әрине, ғылым дін секілді ақиқатты ашық жариялай алмаса да, ойлаудың жалпыға ортақ нормаларын қалыптастыра алды. Осылайша, адамдар өздерінің әрбір тұжырымдарына қисындылық беруге, олардың дүниетанымдық бейнесінде белгілі бір рационалдық бар екенін көрсетуге ұмтылады. Бұл — ескерусіз қалдыруға болмайтын элеуметтік талап. Мұны діни апологеттердің ғылыми білімге жүгіну арқылы догматтардың дұрыстығын негіздеуге тырысатын бейнематериалдарының көптігі де айғақтайды. Соның бір мысалы — интернет кеңістігінде танымалдыққа ие болып отырған «Құрандағы ғылыми фактілер» тақырыбы. Сонымен қатар, көпшіліктің дінге деген қызығушылығының сақталып отырғанын және діни дәстүрді ұстанудың жалғасып келе жатқанын жоққа шығаруға болмайды. Бұдан да маңыздысы — жаһандану өз антиподын — қайта жаңғырған діншілдікті және эзотерикалық практикалардың рецепциясын дүниеге әкелгені белгілі. Қазіргі

қоғамдарда ырымшылдық пен түрлі жалған сенімдердің салдарынан орын алатын сансыз көп ойсыз әрекеттердің болуы қоғамдық сананың терең қабатында діни сезімнің сақталып отырғанын көрсетеді. Оның ішінде адамның түсініксіз, беймәлім құбылыстарға ұмтылысы да бар. Міне, ХХІ ғасырда — цифрлық, тоталды технологиялар дәуірінде эзотерикаға бет бұрудың басты себебі де осында жатыр: адамға қамқорлық жасайтын, қажет сәтте жүгінуге болатын тылсым күштерге сену қажеттілігі. Алайда сұрақ туындайды: неліктен дәстүрлі діндер бұл және өзге де бірқатар қажеттіліктерді қанағаттандырудағы өз тартымдылығын жоғалтуда? Дін де, эзотерика да ұқсас функцияларға ие: адамдар оларға жүгінеді, өйткені олар белгілі бір ерекше күйді — қажеттіліктердің қанағаттандырылу күйін жеңілдеті алады. Қазіргі қоғамдардағы эзотеризм ықпалының артуының тағы бір себебі бар: халықтың, әсіресе жастардың пікірінше, дәстүрлі діндер ұзақ ғасырлық тарихынан кейін белгілі бір деңгейде өзінің беделін жоғалтты және ішкі қайшылықтары үшін орынды сынға ұшырауда. Бұл туралы бүгін еркін айтуға мүмкіндік бар. Ал эзотерикалық салалар (астрология, нумерология, халықтық діни рәсімдер және т.б.) «нақты», уақытылы жауаптар береді және адамдар мұны Құдайға дұға етуден гөрі жақсы деп есептейді. Тіпті тағдыр мен болашаққа қатысты жасырын білімді бәрін білетін, бірақ үнсіз Құдайдан гөрі «хабардар» пендеден білу оңайырақ болып шықты. Эзотеризм — мүлде жаңа құбылыс емес, алайда секуляризация нәтижесінде ол діни фанатизм тарапынан болатын аса агрессивті және жазасыз шабуылдардың азаюына байланысты қолжетімді бола түсті. Мұндай құбылыстың өте қарапайым түсіндірмесі бар: ол діннің табиғи мәнінде жатыр, яғни шынайылыққа қатысты өзге көзқарастармен ымыраға келмейтін қатандығында. Мұндай ерекшелік бір діннің өз ішіндегі әртүрлі конфессия өкілдерін қас жауларға айналдыра алса, эзотерикалық дәстүрді ұстанушыларға деген көзқарас тіпті қатан: беймәлім күштерге жүгінгендіктен, олар пұтқа табынушылар ретінде қабылданады. Бүгінгі таңда эзотериканың кеңінен таралу себептерінің маңыздысы — ар-ождан бостандығы, яғни кез келген дүниетанымды ұстану құқығының жалпыадамзаттық деңгейде танылуы. Бұл құқық барлық діни сенімдерді тең дәрежеге қояды. Сонымен қатар, қазіргі әлемде эзотеризм бұқаралық сананың ерекшелігіне сәйкес келетін тағы бір қасиетке ие: ғылым мен дін арасындағы айқын шекараны ажыратпау. Осы жағдай эзотерикаға ғылыми жетістіктерге, әсіресе психология саласына жүгінуге мүмкіндік береді. Эзотеризмнің танымал болу себептерін сөз еткенде ескерусіз қалдыруға болмайтын тағы бір маңызды фактор — қазіргі цифрлық шындықтың ажырамас бөлігіне айналған интернет-ресурстар арқылы кез келген ақпаратқа еркін қолжетімділік. Дәлел ретінде аздаған статистика келтірейік: «Price.ru» аналитиктері интернет пайдаланушыларының сұраныстарын салыстырып, 2022 жылғы ақпаннан 2023 жылғы ақпанға дейінгі аралықта Ресей интернет кеңістігінде Таро карталары бойынша болжамдарға қызығушылық алдыңғы жылмен салыстырғанда 74 %-ға артқанын анықтады. Сол кезеңде ресейлік қоғамда астрологиялық болжамдарға сұраныс 20 %-ға өскен. Сондай-ақ, интернет-дүкендерде «эзотерика» санатындағы кітаптардың сатылымы да айтарлықтай көбейген. Демек, эзотерика — бүкіл әлемде кеңінен таралған құбылыс, бірақ ғылыми тұрғыдан әлі де жеткілікті зерттелмеген. Сондықтан ол қазіргі қоғамның бұқаралық мәдениетінің маңызды факторларының бірі ретінде сөзсіз өзінің өзектілігін айқындайды.

Зерттеу әдіснамасы мен әдістері

Бұқаралық мәдениеттің табиғатын, оның феномендік қырларын түрлі эвристикалық интерпретациялар тұрғысынан қарастыруға арналған гуманитарлық әдіснамалар каталогы айтарлықтай кең және мұның бірнеше себебі бар. ХХ ғасырдың мәдени жағдайы ғалымдарды бұл феноменге назар аударуға мәжбүр етті, өйткені ол мәдениетте, саясатта, әлеуметтік өмірде, өнерде және ғылымда белсенді түрде көрініс тапқандықтан, оны елемей мүмкін болмай қалды. Сонымен қатар, эзотеризмді ғылыми тұрғыдан зерттеу идеясының өзі елеулі трансформацияға ұшырап, бұрын оның аясына сыймаған құбылыстарды қамтуға мүмкіндік берді. Ал сұранысқа ие болған пәнаралық тәсіл Батыс эзотеризмінің шынайылығын сипаттау үшін барынша қолайлы болды, себебі онда адам өмірінің әртүрлі салаларынан келген ықпалдардың тоғысуы байқалды. Біздің әдіснамалық тұрғыдағы қызығушылығымыз, ең алдымен, зерттеу нысанына қатысты әдіснамалық пайымдаулар айқын көрініс тапқан еңбектерге, оның ерекшелігіне жасалған рефлексияға, компаративтік стратегиялардың қолданылуына, зерттеу категорияларын проблематизациялауға, сондай-ақ оны өзге салалармен (ең алдымен бұқаралық мәдениетпен) сабақтастыра қарастыруға бағытталады. Эзотеризмді теориялық-әдіснамалық деңгейде ұғынудың орталық бағыттарының бірі К. фон Штукрад еңбектерімен байланысты, онда «эзотерикалық» ұғымы мәдени үдерістердің құрамдас бөлігі ретінде

карастырылады. Ол өз көрінісін Батыс мәдениеті аясында христиандыққа қарсы құбылыс ретінде пайда болған, ортақ белгілері бар бірқатар ерекше ағымдардың жиынтығы түрінде тапқан [6]. Ғалым өз зерттеулерінде эзотерикалық ілімдердің алуан түрлілігіне қарамастан, олардың типологиялық тұрғыдан ортақ келесі белгілерін бөліп көрсетеді: әлем мен тарихтың баламалы бейнесіне жол ашатын шынайы (абсолютті) білімге иелік етуге деген талпыныс. Батыстық зерттеулер тәжірибесіне жүгіну бізді Батыс эзотеризмінің тағы бір жетекші зерттеушісі — В. Ханegraaf еңбектеріне жетелейді. Ол қарастырылып отырған феноменді метатеориялық тұрғыда зерттеу мәселесін алғаш көтерген ғалымдардың бірі болды.

Батыс эзотеризмін зерттеу ерекшеліктеріне қатысты белгілі бір рефлексияны Жаңа еуропалық бағыттың негізін қалаушылардың бірі А. Феврдің еңбектерінен де табуға болады [7]. Ол иррационалистік рухани практикаларды қарастырған болатын.

Массификацияланып келе жатқан мәдениет пен эзотеризм арасындағы себепті байланысты Франкфурт мектебінің беделді өкілдері — Т. Адорно мен М. Хоркхаймер анықтады. Олар «мәдени индустрияны» мәдениетті тауарға айналдыратын тетік ретінде сынап, бұқаралық мәдениет ойлауды стандарттап, сыни сананы тұншықтырады деп пайымдады: «Мәдениет — парадоксты тауар. Ол саяси-экономикалық айырбас заңының ықпалына толықтай түскені соншалықты, тіпті алмасудан қалды; ол сондай соқырлықпен тұтынылады, енді оны қолданудың өзі мүмкін емес» [8].

Талқылау

Эзотерика қазіргі цифрландыру дәуірінде де, мәдениеттің ерекше формасы (қазіргі жағдайда — бұқаралық мәдениет) ретінде қабылданады. Ол адамның дүниетанымын құрайтын, діннің немесе ғылымның құзыретіне кірмейтін негізгі экзистенциалдық, онтологиялық, гносеологиялық сұрақтарға жауап іздеумен және оларға қатысты тәжірибелермен байланысты білімдердің жиынтығын қамтиды. Шотланд тарихшысы Дж. Уэбб эзотериканы «жалпыға ортақ пікірге қайшы келгені үшін терістелген білімдер саласы» деп анықтайды [9]. Бүгінде, цифрлық дәуірде, барша адам ғылыми-техникалық прогрестің нәтижелерін пайдаланады, ал әлеуметтік желілерде тарологтар, экстрасенстер, астрологтар, халық емшілері мен балгерлер (қалқа-монғолдарда — гонцог, қазақтарда — бақсы, тамыршы, балгер, болжаушы, жауырыншы, жұлдызшы және т.б.) белсенді қызмет жүргізуде. Олар ғылыми сауаттылық деңгейі жеткіліксіз, бірақ қарқынды өзгеріп жатқан әлемде ертеңгі күнге үміт артуға болатын көпшілік тарапынан өсіп келе жатқан сұранысқа ие болып отыр. Мұнда эзотерика мен ғылым арасындағы кезекті байланыс көрінеді: біріншісі екіншісінің жетістіктерін пайдаланса, сонымен қатар, бұл қоғамдық сананың деңгейінің айқын көрсеткіші. Ақпараттың үлкен ағыны қалың бұқараның қолында, әлем жайлы бұрынғыдан да көп жаңа мәлімет алуға мүмкіндік бар, алайда адамдарды ойын-сауықтық контенттен бөлек, ең алдымен құпиялы, тылсым, метафизикалық дүниелер қызықтырады. Дәстүрлі діндер бұрынғыдай рухани қажеттілікті қанағаттандырмайды, ал қазіргі заман адамы өз мәселелеріне жедел шешім іздейді: материалдық жағдай, жеке өмір, мансап және т.б. проблемаларды ғылыми әдістерге қатысы жоқ амалдар арқылы шешкенді жөн көреді.

Коронавирус пандемиясын ғылымға, медицинаға, мемлекетке, дінге және өзге де әлеуметтік институттарға деген әлем халқының шынайы көзқарасын айқын көрсеткен мысал ретінде қарастыруға болады. Бұл кезеңде міндетті вакцинацияның салдарына байланысты жағымсыз пікірлерден бастап, қауіпті дерттің қолдан жасалған иллюзиясы арқылы адамдарды толық бақылауға алу жөніндегі әртүрлі астыртын теориялардың кеңінен таралғаны белгілі. Әлеуметтік тарихтың осындай дағдарысты кезеңдерінде эзотерикалық тәжірибелер діндермен қатар дүниетанымдық маңызды қызметтерді — компенсациялық әрі түсіндірмелік функцияларды атқарады. Өлімнен кейінгі тағдырға сенім, күдіретті тылсым күштердің ықпалы сияқты нанымдар адамдарға жұбаныш беріп, үміт сыйлап, азапты жеңілдетуге мүмкіндік жасайды. Дегенмен, бұл құбылыс зерттеушілерге, философтарға, мәдениеттанушыларға, психологтар мен әлеуметтанушыларға қоғамдағы сыни ойлау дағдыларының әлсіздігін, білім мен ойлау мәдениетінің құлдырауын, ғылыми таным деңгейін және ғылымның адам өміріндегі рөлін нақты айғақтап берді.

«Эзотерика» ұғымының мазмұнын талдауда біз оның табиғатына барынша сәйкес келетін көзқарас ретінде — құбылыстың көпқырлы көріністері арасынан оны өзге де сананың идеалды феномендерінен ажыратып айқындауға мүмкіндік беретін іргелі құрамдас бөліктерін бекітуді қарастырамыз. Мұндай тәсілдің негізінде, біріншіден, білімге қолжетімділіктің шектеулілігі, екіншіден, рухани тәжірибелердің сабақтастығы қағидасы, үшіншіден, бұқаралық қоғамдық сананың құрылымында сакралдылықтың тұрақты түрде сақталуы жатыр. Эзотерика өз болмысында әртүрлі

діни мәдениеттерде қалыптасқан теориялық парадигмалар мен рухани практикалардың бірлігін, сондай-ақ философиялық, діни және ғылыми білімдердің синтезін білдіреді. Бұл тұрғыдан алғанда, эзотерикалық білім сенімге негізделген догмалардан емес, керісінше, трансценденттікпен мистикалық тәжірибе арқылы тікелей тоғысу нәтижесінде туындайтын, болмыстың мәнін субъективті тұрғыдан пайымдауға, сезім мүшелері арқылы қабылданатын эмпирикалық шындықтың ар жағында жатқан болмыстық деңгейлерді тануға бағдарланған ілім. Дәл осы ерекшелігі эзотеризмді дінге жақындатады: ресейлік ғалым С.В. Пахомовтың атап көрсеткеніндей, «кез келген дін өз ішінде құпиямен сабақтас элементтерді қамтиды, ал олар эзотериканың әлеуетті бастауы ретінде қызмет етеді» [10]. Осыған байланысты эзотеризмді зерттеу үдерісіне философиялық және мәдениеттанулық дискурсты тарту айрықша мәнге ие, өйткені феноменологиялық концепцияның әлеуетін пайдалану арқылы ой интенционалдылығының ішкі логикасы, яғни физикалық әлемде нақты болмауы мүмкін объектілерге бағытталған танымдық бағдар айқындалады.

Осы тұрғыдан алғанда, беделді француздық «Анналар» мектебінің жетекші өкілі А. Феврдің кең көлемді әдіснамалық ізденістері айрықша ғылыми қызығушылық тудырады. Оның тұжырымдарының ішінде эзотеризмнің ойлау жүйесі мен рухани практикаларының ажырамас байланысы туралы терең пайымы бар: «Массаға тән, яғни күнделікті діни сана деңгейі бар. Ол кең таралған бейнелерге, стереотиптерге, әдет-салттарға, дәстүрлерге толы, бірақ тұтас дүниетанымдық жүйені қалыптастырмайды, өйткені діншіл адам оларды ішінара, фрагментарлы түрде ғана қабылдайды. Күнделікті сана күрделі теориялық құрылымдарға негізделмейді, сондықтан дін туралы толыққанды білімді қамтымайды. Ал концептуалды деңгей анағұрлым күрделі, өйткені ол адамның теологиядағы барлық пікірталасты мәселелерге тікелей қатысуын көздейді. Бұл қасиетті мәтіндерде бекітілген доктриналық қағидаларды жоғары деңгейде меңгеруді және терең түсінуді қажет етеді. Дәл осы себепті концептуалды деңгей өзінің толық көрінісін діни философияда табады...» [11]. Діни көптүрлілікті жіктеуде жаңа діни қозғалыстарды дербес класс ретінде қарастыратын концепциялар тұрғысынан алғанда, қазіргі кезеңдегі неохристиандық, неоориенталистік және жаңа пұтқа табынушы бағыттардың аясынан «New Age» қозғалысын айрықша атауға болады. Аталған ағым, түпкі мәнінде, теософия, антропософия, спиритизм сияқты әртекті эзотерикалық білімдердің синтезін және ғылымға сенім артуға негізделген популистік идеяларды біріктіре отырып, өзінің мазмұнын шығыстық мистицизмнің сан алуан батысеуропалық рецепцияларынан табады. «New Age»-тің синкреттік жүйесі эзотерикалық доктринаның негізінде қалыптасып, антропософияның негізін қалаушы Р. Штейнердің еңбектері арқылы жүйеленді. Штейнер өз еңбектерінде табиғаттан тыс шындықты тану мен сипаттауда ғылыми әдістерді қолданудың мүмкіндіктерін айқындаған [12]. Қазіргі таңда бұл қозғалыс әлемнің түкпір-түкпірінен көптеп ізбасар жинап, рухани либерализмімен, ресми дінмен қатар белгілі бір сенімдер мен практикаларды ұштастыру мүмкіндігімен ерекшеленеді. Оның кеңінен танымал болу себептерінің бірі — әсіресе Еуразия елдері үшін айрықша құбылыс саналатын батыс пен шығыс мәдениеттерінің синтезі, еркін ойлау дәстүрінің болуы, ғылыми танымның тиімділігін мойындау және ғылыми-техникалық прогресс жетістіктеріне еркін қол жеткізу мүмкіндігі. Дегенмен, New Age қозғалысының негізгі тәжірибесі саналатын ченнелинг/channeling (транс күйінде өзге дүниелік күштермен ой арқылы байланыс орнату) құбылысына сыни тұрғыдан қарау қажеттігі айқын.

Бұл тәжірибенің шектен тыс таралып, шығармашылық әлеуетті ашу сылтауымен жастар арасында қалыпты құбылысқа айналуы — аса қауіпті үрдіс. Өйткені қазақстандық және моңғолдық қоғамдарда мәдениеттің сақталуы тікелей тәңіршілдік дәстүрлердің жалғастығымен байланыстырылады. Діншілдікпен тығыз байланыс, тұлғаның өзіне және қоғамға деген жауапкершіліктен босатылуы, ғылыми білімдер мен әлеуметтік қағидаларды жоққа шығару, дегуманизация мен десоциализация — өзін жаңа құндылықтарды ілгерілететін либералды секулярлық ағымдар ретінде танытатын New Age тәрізді қозғалыстардың деструктивті салдары болып табылады. Шын мәнінде, мұндай қозғалыстардың мәні — **эзотерикалық мазмұнға қанық постсекулярлық діншілдіктің формасы** ретінде айқындалады.

Соңғы онжылдықта заманауи бұқаралық мәдениет феноменіне айрықша когнитивтік қызығушылықтың артқаны байқалады. Сонымен қатар, бұқаралық мәдениетті мәдени универсализация үдерістерінің көрінісі ретінде қарастырып, оны жаһандану феномені тұрғысынан зерделеудің және оның Қазақстан мен Моңғолия сынды қазіргі заманғы жаңғырған қоғамдар үшін болашағын бағалаудың маңызы барған сайын артып келеді. Бұқаралық мәдениетті тұтас феномен ретінде де, оның сан алуан қырларын жеке-жеке талдау тұрғысынан да зерттеу қарқыны үнемі күшейіп отыр. Қазіргі бұқаралық ақпарат және коммуникация құралдары тек қана бұқараға ықпал

етіп, оларды белгілі бір деңгейде манипуляциялап қана қоймайды, сонымен бірге, бұқаралық ауқымда «жалпы типтегі» тұлғасыздандырылған адамды тікелей өндіреді. Осыған байланысты бірқатар зерттеушілер «сана мен өмір салтының массофикациясы» ұғымын қолдана отырып, оны жүйелі әрі мақсатты ақпараттық ықпалдар ұйымдастыру арқылы іске асатын процесс ретінде сипаттайды. Мәселен, ресейлік философ В. Королев «ақпараттық кеңістік барынша интеграциялануға бейім әрі басқаруға икемді» екенін атап көрсетеді. Соның нәтижесінде, К. Ясперстің тұжырымдауынша, қазіргі социомәдени шындықты айқындайтын «бұқаралық өмір сүрудің жаңа тәртібі» қалыптасуда.

Қорытынды

Отандық ғылымда бұқаралық мәдениет феноменологиясын зерделеу үдерісінде зерттеу қызығушылығының векторы ХХ ғасырдың 90-жылдарынан бастап біртіндеп өзгеріске ұшырады: бастапқыда эзотеризмді иррационалистік қабылдаудан оның цифрлық дәуір жағдайында өзіндік ерекше типтегі (тіпті үлгілік сипаттағы) дүниетанымдық феномен ретінде пайымдалуына қарай ойысты. Посткеңестік ғылыми кеңістікте осы бағыттағы алғашқы іргелі қадам — ресейлік философтардың «Эзотерика дискурстары» атты жинақтаушы еңбегі болды [16].

Аталған қызығушылық ХХІ ғасырда жаңа серпінге ие болды. Бұл тұрғыдан алғанда ресейлік зерттеуші С. Паниннің тарихи тұрғыдан дәйекті байқауы айрықша мәнді: «ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басы Еуропа мен АҚШ-та өзіндік «эзотерикалық ренессанспен» ерекшеленді... Дәл осы кезеңде психологтар үшін тосын психикалық құбылыстарды зерттеу мақсат емес еді: олардың міндеті — психиканы тікелей, редуционистік түсіндіруге жол бермей, тәжірибелік негізде зерттейтін дербес ғылым қалыптастыру болатын; ал медиумизм мен өзге де «окульттік феномендер» олар үшін тек құрал ретінде ғана қабылданды. Ал, керісінше, идеалистік философиялық ілімдердің ізбасарлары бұл құбылыстарға басқаша тұрғыдан қарады. Олардың көпшілігі эзотерикалық ілімдермен Гегель мен Шопенгауэр сынды ойшылдардың еңбектері арқылы жанама байланыста болды. Маңыздысы — сол дәуірдегі «окульттік ғылымдардың» адептері оларды жаңа дін ретінде қабылдаған жоқ. Керісінше, олар эмпирикалық дәлелдер мен тұлғалық тәжірибеге сүйенген, дінге де, ғылымға да, тұтастай қоғамға да революциялық ықпал етуге қабілетті өзіндік «ғылыми» руханилықтың үлгісін жасауға ұмтылды» [17].

Жалпы алғанда, ғылым мен эзотерикалық ілімдердің арақатынасына қатысты мәселелер академиялық зерттеулерде кемінде ХХ ғасырдың орта шенінен бастап жүйелі түрде көтеріле бастады. Қазіргі философия ғылымының бағыттары эзотеризмді ғылым мен діннің арасындағы шекаралық аймақ ретінде қарастырады; ғылым тарихшылары ортағасырлық магтар мен алхимиктердің еңбектерінен қазіргі эксперименталды ғылымның бастауын көреді; ал жаңа діни қозғалыстарды зерттеушілер ғылыми тілге жүгінуді қазіргі эзотеризмнің айқындаушы белгілерінің бірі деп санайды. Бүгінгі ғылыми дискурста ерекше орын алатын мәселе — эзотеризм мен әлеуметтік-гуманитарлық білімнің күрделі өзара байланысы, әсіресе олардың бұқаралық мәдениетке бағдарлану аспектісі. Осыған орай, ғылымның мәдениеттану саласы мен мистикалық-эзотерикалық ілімдердің арақатынасын аймақтық және ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, мәселе ретінде қоюдың маңызы зор. Әсіресе шығыстық «ғылымдардың» эзотеризм және мистицизммен өзара ықпалдастығын талдау — бүгінгі зерттеу өрісінің өзекті бағыттарының бірі.

Бұқаралық мәдениет инкультурация мен әлеуметтендірудің маңызды функцияларын жүзеге асыратынын ескеру қажет. Ол «индивидтің әлеуметтік шындыққа бейімделуін қамтамасыз етеді және осылайша өзінің жетекші қызметтерінің бірін орындайды». Мәселен, ресейлік философ А. Костина бұқаралық мәдениеттің ауқымдылығы тұрғысынан әмбебап сипатқа ие екендігін атап өте отырып, оның «заманауи мәдениеттің барлық артефактілерін өз форматына икемдеу қабілетіне ие болып, бұқаралық қоғамда тек бұқаралық тұтыну өнімдері ретінде қызмет еткен жағдайда ғана құндылыққа айналатынын» айқындайды. Бұқаралық коммуникация құралдары арқылы таратылатын бұқаралық мәдениет бүгінгі күні мәдениеттің негізгі мән-мағыналарын жеткізетін әмбебап арна ретінде көрініс тауып, өз ықпалына түскеннің барлығын өз форматына бағындырады. Тіпті кез келген артефакт — тұрмыстық болсын немесе кәсіби-элитарлық мәдениетке тән болсын — бұқаралық мәдениет ықпал ету аясына енгенде, сыртқы пішінін сақтағанымен, бастапқы мағыналық жүктемесінің бір бөлігін жоғалтады, өйткені ол бейімдеу тетіктерінен өтеді [18]. Сонымен қатар, бұқаралық әлеуметтік мифология (оның ішінде квазидіни және парағылыми ілімдер) қоғамның күрделі құндылықтық бағдарлар жүйесін жеңілдететін құрал ретінде қызмет атқара алады.

Жалпы алғанда, бұқаралық мәдениет мәдени жаһанданудың негізгі қозғаушы күштерінің бірі ретінде қарастырылуы тиіс. Оның күннен-күнге артып отырған ықпалына байланысты — мәдениеттің дүниетанымдық қызметі, индивидтердің, әлеуметтік топтар мен қауымдастықтардың инкультурациясы мен әлеуметтенуі тұрғысынан — оның құндылықтық мазмұны айрықша мәнге ие болуда. Жаһандану жағдайында құндылықтар мен жеке тұлғаның құндылықтық бағдарлары мәселесі оның әлемдегі болмысының да, қоғам дамуының да негізгі шарты ретінде алдыңғы қатарға шығады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Бодрийяр Ж. Общество потребления / Ж. Бодрийяр. — М.: АСТ, 2020. — 384 с.
- 2 Берестовская Д.С. История художественной культуры Западной Европы и США XX века: учебное пособие / Д.С. Берестовская. — Симферополь: Ариал, 2021. — 224 с.
- 3 Шапинская Е.Н. Массовая культура: очерк теорий / Е.Н. Шапинская. — М.: Академпроект, 2016. — 192 с.
- 4 Ханegraaf В.Я. Западный эзотеризм (Western Esotericism: A Guide for the Perplexed) / В.Я. Ханegraaf. — М.: Архонт, 2016. — 256 с.
- 5 Панин С.Н. Исследование эзотеризма в трудах европейских и американских психологов XIX — начала XX века / С.Н. Панин. — М.: Изд-во МГУ, 2017. — 226 с.
- 6 фон Штукрад К. Локации знания в Европе Средневековья и Раннего Нового времени: эзотерический дискурс и европейские идентичности / К. фон Штукрад. — М.: Архонт, 2022. — 288 с.
- 7 Faivre A. Western Esotericism: A Concise History / Antoine Faivre. — New York: State University of New York Press, 2010. — 380 p.
- 8 Хоркхаймер М. Культурная индустрия: просвещение как способ обмана масс / М. Хоркхаймер, Т. Адорно. — М.: Изд-во МГУ, 2017. — 260 с.
- 9 Уэбб Дж. Эзотериология / Дж. Уэбб. — М.: Corpus, 2011. — 188 с.
- 10 Пахомов С.В. Эзотерика / С.В. Пахомов. — М.: Религиоведение, 2017. — 213 с.
- 11 Февр А. Западный эзотеризм: краткая история / А. Февр. — М.: Касталия, 2019. — 420 с.
- 12 Клизовский А.А. Основы миропонимания новой эпохи: в 3-х т. Т. 1. / А.А. Клизовский. — Рига: Виеда, 1992. — 269 с.
- 13 Сухина И.Г. Массовая культура как глобализационный феномен / И.Г. Сухина. — Донецк: Радуга, 2017. — 166 с.
- 14 Зоря К.В. Хаос-магия: адаптация магии к эпохе постмодернизма / К.В. Зоря // Мистико-эзотерические движения в теории и практике. «Тайное и явное»: многообразие репрезентаций эзотеризма и мистицизма: сб. материалов Четвертой международной научной конференции / отв. ред. С.В. Пахомов. — СПб.: РХГА, 2011. — С. 105–116.
- 15 Ясперс К. Духовная ситуация времени / К. Ясперс. — М.: Алгоритм, 2013. — 290 с.
- 16 Дискурсы эзотерики (философский анализ): сб. / под общ. ред. Л.В. Фесенковой. — М.: УРСС, 2001. — 240 с.
- 17 Жданов В.В. Изучение эзотерики в Западной Европе: институты, концепции, методики / В.В. Жданов // Мистико-эзотерические движения в теории и практике. История. Психология. Философия: сб. материалов Второй международной научной конференции / отв. ред. С.В. Пахомов. — СПб.: РХГА, 2009. — С. 5–27.
- 18 Костина А.В. Массовая культура: аспекты понимания / А.В. Костина. — М.: Радуга, 2006. — 236 с.
- 19 Данн П. Магия эпохи постмодерна: искусство магии в информационном пространстве современной эпохи / П. Данн; пер. с англ. — СПб.: ИГ «Весь», 2008. — 224 с.

О.Т. Аринова, М.М. Манасова, Ч. Самбуу

Феномены влияния в современной массовой культуре: духовные практики и эзотерика

В статье исследуется сложный многогранный феномен массовой культуры в фокусе его кросскультурных проявлений. Сделан акцент на междисциплинарном научно-критическом исследовании эзотеризма как одной из наиболее востребованных массивированных форм культуры современных модернизированных обществ. Исследовательский интерес авторов статьи сосредоточен на аналитике философско-антропологических оснований аксиологии массовой культуры в цифровом мире информационно-коммуникативных систем и других культурогенных достижений модернизации. Рассмотрен методологический дискурс эзотеризма в перспективе процесса становления глобальной метакультуры, связанной с многомерным диалогом культур в условиях информационной глобализации. Сделан обобщающий вывод о том, что современный культурно-исторический процесс сопряжен с формированием нового глобального миропорядка, который определит дальнейшие перспективы существования человечества. Притом глобализация должна стать оптимизирующим звеном по обеспечению

единства культурного многообразия и подлинной интеграции человечества как культурогенного субъекта.

Ключевые слова: массовая культура, глобализация, эзотеризм, феномен, метакультура, кросскультура, философия, дискурс.

O.T. Arinova, M.M. Manassova, Ch. Sambuu

Phenomena of influence in modern mass culture: spiritual practices and esotericism

The article examines the complex multifaceted phenomenon of mass culture in the focus of its cross-cultural manifestations. The emphasis is focused on the interdisciplinary scientific and critical study of esotericism as one of the most popular mass forms of culture in modern modernized societies. The research interest of the authors of the article is focused on the analysis of the philosophical and anthropological foundations of the axiology of mass culture in the digital world of information and communication systems and other culturogenic achievements of modernization. The methodological discourse of esotericism is considered in the perspective of the process of formation of a global metaculture associated with a multidimensional dialogue of cultures in the context of information globalization. A general conclusion is made that the modern cultural and historical process is associated with the formation of a new global world order, which will determine the further prospects for the existence of mankind. Moreover, globalization should become an optimizing link in ensuring the unity of cultural diversity and the genuine integration of mankind as a culturogenic subject.

Keywords: mass culture, globalization, esotericism, phenomenon, metaculture, crossculture, philosophy, discourse.

References

- 1 Baudrillard, J. (2020). *Obshchestvo potrebleniia* [The consumer society]. Moscow: AST [in Russian].
- 2 Berestovskaia, D.S. (2021). *Istoriia khudozhestvennoi kultury Zapadnoi Evropy i SShA XX veka: uchebnoe posobie* [History of artistic culture of Western Europe and the USA in the 20th century: a textbook]. Simferopol: Arial [in Russian].
- 3 Shapinskaia, E.N. (2016). *Massovaia kultura: ocherk teorii* [Mass culture: an outline of theories]. Moscow: Akademproekt [in Russian].
- 4 Hanegraaff, V.Ya. (2016). *Zapadniy ezoterizm* (Western Esotericism: A Guide for the Perplexed) [Western esotericism]. Moscow: Arkhont [in Russian].
- 5 Panin, S.N. (2017). *Issledovanie ezoterizma v trudakh evropeiskikh i amerikanskikh psikhologov XIX — nachala XX veka* [Studies of esotericism in the works of European and American psychologists of the 19th — early 20th century]. Moscow: Izdatelstvo MGU [in Russian].
- 6 von Stuckrad, K. (2022). *Lokatsii znaniia v Evrope Srednevekovia i Rannego Novogo vremeni: ezotericheskii diskurs i evropeiskie identichnosti* [Locations of knowledge in Medieval and Early Modern Europe: esoteric discourse and European identities]. Moscow: Arkhont [in Russian].
- 7 Faivre, A. (2010). *Western Esotericism: A concise history*. State University of New York Press.
- 8 Horkheimer, M. & Adorno, T. (2017). *Kulturnaia industriia: prosveshchenie kak sposob obmana mass* [The culture industry: Enlightenment as mass deception]. Moscow: Izdatelstvo Moskovskogo Gosudarstvennogo Universiteta [in Russian].
- 9 Webb, J. (2011). *Ezoteriologiia* [Esoteriology]. Moscow: Corpus [in Russian].
- 10 Pakhomov, S.V. (2017). *Ezoterika* [Esoterica]. Moscow: Religiovedenie [in Russian].
- 11 Febvre, A. (2019). *Zapadniy ezoterizm: kratkaia istoriia* [Western esotericism: a concise history]. Moscow: Kastaliia [in Russian].
- 12 Klizovskii, A.A. (1992). *Osnovy miroponimaniia novoi epokhi* [Fundamentals of worldview of the new era]. (Vols. 1–3). Riga: Vieda [in Russian].
- 13 Sukhina, I.G. (2017). *Massovaia kultura kak globalizatsionnyi fenomen* [Mass culture as a globalization phenomenon]. Donetsk: Raduga [in Russian].
- 14 Zoria, K.V. (2011). Khaos-magiia: adaptatsiia magii k epokhe postmodernizma [Chaos magic: adaptation of magic to the postmodern era]. *Mistiko-esotericheskie dvizheniia v teorii i praktike «Tainoe i yavnoe»: mnogoobrazie reprezentatsii ezoterizma i mistitsizma. Chetvertaia mezhdunarodnaia nauchnaia konferentsiia — Mystical and Esoteric Movements in Theory and Practice. «Secret and Obvious»: Diversity of Representations of Esotericism and Mysticism: Proceedings from the Fourth International Scientific Conference.* (pp. 105–116). S.V. Pakhomov (Ed.). Saint Petersburg: RHGA [in Russian].

- 15 Jaspers, K. (2013). *Dukhovnaia situatsiia vremeni* [The spiritual situation of the time]. Moscow: Algoritm [in Russian].
- 16 Fesenkova, L. V. (Eds.). (2001). *Diskursy ezoteriki (filosofskii analiz): sb.* [Discourses of Esotericism (philosophical analysis): collection]. Moscow: URSS [in Russian].
- 17 Zhdanov, V.V. (2009). *Izuchenie ezoteriki v Zapadnoi Evrope: instituty, kontseptsii, metodiki* [The study of esotericism in Western Europe: institutions, concepts, methods]. S.V. Pakhomov (Ed.). *Proceedings from Mystical and esoteric movements in theory and practice. History. Psychology. Philosophy: Vtoraia mezhdunarodnaia nauchnaia konferentsiia — the Second international scientific conference.* (pp. 5–27). Saint Petersburg: RHGA [in Russian].
- 18 Kostina, A.V. (2006). *Massovaia kultura: aspekty ponimaniia* [Mass culture: aspects of understanding]. Moscow: Raduga [in Russian].
- 19 Dunn, P. (2008). *Magiia epokhi postmoderna: iskusstvo magii v informatsionnom prostranstve sovremennoi epokhi* [The magic of the postmodern era: the art of magic in the information space of the modern age]. Saint Petersburg: IG «Ves» [in Russian].

Авторлар туралы мәліметтер

Аринова Ольга — философия ғылымдарының кандидаты, философия және мәдениет теориясы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан, <http://orcid.org/0000-0002-3833-8328>

Манасова Мира — PhD, философия және мәдениет теориясы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-6562-7854>

Чулуунцэцэг Самбуу — Моңғолия Республикасының Отбасы, еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі, Улан-Батор, Моңғолия.

Information about the authors

Arinova Olga — Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor of the Department of Philosophy and Theory of Culture, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan, <http://orcid.org/0000-0002-3833-8328>

Manassova Mira — PhD, Associate Professor of the Department of Philosophy and Theory of Culture, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-6562-7854>

Chuluuntsetseg Sambuu — Master of Philosophy, Ministry of Family, Labor and Social Protection of the Republic of Mongolia, Ulaanbaatar, Mongolia.